



Тақырыбы: Мультфильмнің бала тәрбиесіндегі орны

Авторы: Талкат Дініслам Нұрғазыұлы

1- “А” сынып оқушысы

Бағыты: Ғылыми-жаратылыстану

Секциясы: Адам денсаулығы және қоршаған ортаны қорғау

Жетекшісі: Бектемірова Гүлнар Асқарқызы



Негізгі мақсатым:

Көк жәшікке телмірген балаларды тәлімі терең туындылармен таныстыру

Мультфильмнің пайдасы мен зиянын ажырата білу

Шет елдің қаптаған телеарналары мен мультфильмдерінің көлеңкесінде қалып қойған қазақ анимациясын дәріштеу






Зерттеу гипотезасы:

1. Кешегі және бүгінгі мультфильмерді салыстыра отырып, жаңашылдықтың жақсы жағын көрсету
2. Әлемдік рейтингте көш бастап тұрған мультфильмдердің көпшілік біле бермейтін қырларын ашу

Зерттеу кезеңдері:

- Кітаптардан, журналдардан, ғаламтордан мағлұмат жинау.
- Ғылыми жобаны компьютерге теру, басып шығару, материалдар жинағын құрастыру.



Зерттеу әдісі: зерттеушілік жоба, сұхбат, тәжірибе, шығармашылық тапсырмалар, видеофильм түсіру, презентация құру, кітапша жасау, сәйкестендіру, салыстыру, тұжырымдау, анализдеу және нақты материалдарды қорытындылау әдістері қолданылды.



*Әр бала шамамен өз уақытының **30** пайызын экран алдында өткізеді екен. Зерттеушілер баланың мектепке барғанша **5** мың сағат, мектеп бітіргенге дейін **19** мың сағат теледидар алдында отыратынын дәлелдеген.*





Психологиялық жағынан қарасақ, қазіргі заман мультфильмдері балаларды жауыздыққа, ақылсыздыққа, ашушаңдыққа жетелеп жатқандай.




Мультфильм – өсіп келе жатқан жас ұрпақ тәрбиесіне аса қажетті құралдардың бірі






Қазақтың тұңғыш мультфильмі ұлттық музыкалық аспап домбыра әуенімен әрленді. Ұзақтығы 10 минутқа жететін мультфильм жасауға бір жарым жыл уақыт кетті. «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» тұңғыш қазақ мультфильмі жарыққа шыққан бойда, көрермендердің ыстық ықыласына бөлене бастады.



Мультфильм немесе мультипликациялық фильм (лат. *mult*, лат. *iplicatio* - көбейту, ағылш. *film* - таспа) - көптеген суреттерден және солардың қимыл әрекетінен құралатын үздік туындылардан тұратын фильм.



Қорытынды

Абай атамыз: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды, естіп, көріп, ұстап, татып, ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады», - дейді. Бала тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени, ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу үшін тағлымы терең, тың дүниелерді тұтынғанмыз жөн.



Назарларыңызға

рахмет!

